www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube facebook Telegram

№43 /sársenbi/ 22 qazan 2025 jyl

## ӨНЕРКӘСІП АЛЫБЫНА – 40 ЖЫЛ



# ШЫМКЕНТ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ - ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

**Шымкент мұнай өңдеу зауытына биыл 40 жыл толды.**

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорны – еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен өндірістік әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Мерейтойға орай зауытта салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылып, оған Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, ҚР Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс, «KAZENERGY» қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолақов, «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) өкілдері, сондай-ақ сала ардагерлері қатысты.

Қонақтар кәсіпорынның негізгі нысандарын аралап, жасанды интеллектке негізделген сараптамалық жүйелер мен қауіпсіздік техникасы бағытындағы цифрлық жобалардың нәтижелерімен танысты.

Мерейтой аясында зауыт аумағындағы орталық аллеяда «ЛК-6У – зауыттың жүрегі» атты мемориалдық тас салтанатты түрде ашылды. Мұнай тамшысы түрінде бейнеленген екі метрлік композиция зауыттың тарихына ерекше мән берген ардагерлер мен жұмысшыларға арналған. Ескерткіш авторлары – Қазақстан суретшілер одағының мүшелері, мүсіншілер Болат және Ерболат Құсайыновтар.

Кәсіпорынның даму жолын айғақтайтын тағы бір маңызды жоба – алғашқы тарихи мұражайдың ашылуы болды. Мұнда зауыттың 1972 жылы басталған құрылысы мен бүгінгі жетістіктерін қамтитын мұрағаттық материалдар мен фотосуреттер қойылған. Интерактивті тақта арқылы келушілер зауыт тарихымен виртуалды түрде таныса алады.

ПҚОП ұжымы әлеуметтік жауапкершілікті де ұмыт қалдырған жоқ. Компанияның қолдауымен Бадам-1 тұрғын алабында жаңа жабық спорт кешені пайдалануға берілді. Бір уақытта 100 балаға дейін қабылдай алатын бұл кешен қала тұрғындарына салауатты өмір салтын ұстануға мол мүмкіндік береді.

Мерейтой салтанатында «Еңбек. Жетістік. Болашақ» атты 320 беттік кітап пен зауыт тарихына арналған деректі фильмнің тұсаукесері өтті. Сондай-ақ, кәсіпорынның 150-ден астам қызметкері мен ардагерлері мемлекеттік және салалық наградалармен марапатталды.

Қырық жыл ішінде Шымкент мұнай өңдеу зауыты 180 миллион тоннадан астам мұнай өңдеп, ел экономикасына зор үлес қосты. Бүгінде өндіріс тиімділігі 88 пайызға, ал жеңіл мұнай өнімдерін шығару үлесі 82 пайызға жетті. Бұл – кәсіпорынның үздіксіз дамуы мен заманауи технологияларды батыл енгізудің нәтижесі.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## XXV ЖАЗҒЫ СУРДЛИМПИАДАҒА ҚАЗАҚСТАН АТЫНАН 79 СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ

Қазақстанның ұлттық құрамасы XXV Жазғы Сурдлимпиадаға дайындықтың шешуші кезеңінде. Біздің сурдоспортшылар ел абыройын халықаралық аренада абыроймен қорғап келеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан спортшылары сегіз Сурдлимпиадада 42 медаль жеңіп алды, оның ішінде 8 алтын, 8 күміс және 26 қола медаль бар. Бұл жайында ҚР Ұлттық Сурдлимпиада комитетінің президенті Серік Сәпиев ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты.

«Сурдлимпиада – бұл күш пен сенімнің тіліне айналған ерекше кеңістік. Әрбір қимыл – ерік-жігердің, әрбір старт – теңдікке жасалған қадамның көрінісі. Қазақстан бұл қозғалыстың ажырамас бөлігі ретінде спорт арқылы адамдарды біріктіріп, жаңа белестерге жетуге ұмтылуда. Бүгінгі Қазақстан – мүмкіндігі тең ел. Сурдлимпиада – біздің қоғамымыздың айнасы, онда еңбек, ерік және адамдық қадір-қасиет бағаланады. Біздің спортшылар ел намысын лайықты қорғап, Токиода жаңа жеңістерге жететініне сенімдімін», – деді спикер.

Ал, ҚР ТСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің басқарма басшысы М.Қасқырбаевтың айтуынша, биылғы додада ел намысын 79 спортшы қорғайды. Олар дзюдо, жеңіл атлетика, үстел теннисі, жүзу және таэквондо сынды спорт түрлерінен бағын сынайды.

**«Айғақ»-ақпарат.**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы

АЗАМАТТАРДЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҮКІМЕТ ШАРАЛАРЫ

АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге МОРАТОРИЙ ЕНГІЗІЛЕДІ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР тарифтерін көтеру тоқтатылады

ШОБ ҮШІН оңайлатылған салық режимі сақталды

ХАЛЫҚ ҮШІН ипотекалық несие көлемі ұлғаяды

АВТОНЕСИЕЛЕУ бағдарламалары жалғасады

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР: ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ

БАҒАНЫ КӨТЕРУГЕ МОРАТОРИЙ ЕНГІЗІЛЕДІ

АИ-92 маркалы бензин

дизель отыны

ЖЖМ-МЕН ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ

Қадағалау – Энергетика министрлігіне, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне сондай-ақ өңір әкімдіктеріне тапсырылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы 1

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР: КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ӘМАТ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР:

Коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеру тоқтатылады

Табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстары оңтайландырылады

ӘМАТ:

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін тұрақтандыру қорларын қаржыландыру екі есе ұлғаяды

Делдалдар мен сауда үстемелерін қадағалау күшейтіледі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы 2

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР: САЛЫҚТАР

ШОБ-қа арналған оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимі сақталады

Тыйым салынған тізімде ТЕК 44 ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БАР

2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН бастап салықтық әкімшілендіру «таза парақтан» жүргізіледі:

- камералдық бақылау алынып тасталады
- өсімпұлдар мен айыппұлдар 2026 жылғы 1 сәуірге дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады
- белсенді емес салық төлеушілерді тарату жеңілдетілген тәртіппен жүзеге асырылады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы 3

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР: ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Ипотекалық несиелеу көлемі екі есеге – 500 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҰЛҒАЯДЫ

«НАУРЫЗ» ЖӘНЕ «НАУРЫЗ-ЖҰМЫСКЕР» БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

«ӘСКЕРИ БАСПАНА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ: ол жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына пәтер сатып алуға мүмкіндік береді

Құрылыс салушылар:

бағаны өзгертпей ұстап тұрады

жергілікті материалдардың үлесін арттырады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы 4

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР: АВТОНЕСИЕЛЕР ЖӘНЕ ШОБ

Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер АВТОНЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

Азаматтарға жеңіл автокөлік сатып алуға арналған ЛИЗИНГ ТЕТІГІ ЕНГІЗІЛЕДІ

«БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІ шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шараларын ұсынады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы 5



6-бетте

**ЖОЛ САЛАСЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ТЕГІН ОҚЫТЫЛАДЫ**

5-бетте

**АКАДЕМИК ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ 95 ЖАСТА**

## АИДА БАЛАЕВА ХАЛЫҚПЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУҒА ШАҚЫРДЫ



Астанада XII Азаматтық форум аясында Қоғамдық кеңестердің IV Республикалық мәжілісі өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, өңірлік және республикалық қоғамдық кеңестердің мүшелері, сарапшылар, халықаралық серіктестер мен азаматтық сектор өкілдері қатысты.

Өз сөзінде министр қоғамдық институттардың тұрақты дамып, олардың рөлінің артып келе жатқанын атап өтті.

«Қоғамдық кеңестердің тиімді жұмысы көбіне сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз бен бастамашылдықтарыңызға байланысты. Бұл алаңда сіздер, Ұлттық құрылтай мүшелері сияқты, жергілікті деңгейде көтерілген өзекті мәселелер мен ұсыныстарды талқылауға бастамашы бола аласыздар. Бұл азаматтардың пікірін республикалық деңгейге жеткізудің тиімді жолы», – деді Аида Балаева.

Министр халықпен кері байланысты нығайту және қоғамдық кеңестер институтын заманауи үрдістерге сай жетілдіру қажеттігін айтты. Осы мақсатта ол кеңестердің жұмысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен қолдануды ұсынды. Сонымен қатар, Аида Балаева қоғамдық кеңестердің парламенттік реформаларға белсенді қатысуының маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Президент атап өткендей, бұл мәселе қоғамның кеңінен қатысуын, халық пікірін жан-жақты талдау мен зерделеуді қажет етеді. Сондықтан қоғамдық кеңестердің Конституция баптарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу процесіне тікелей араласуы маңызды деп санаймын», – деді министр.

Аида Балаева қоғамдық кеңестердің жұмыс тиімділігін арттыру және қоғамдық бақылауды күшейту мақсатында кеңестердің халық алдында ашық есеп беру тәжірибесін енгізуді ұсынды. Оның айтуынша, «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңда бекітілген ашықтық пен айқындық қағидаттары тек қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асуы тиіс.

Аида Балаева қоғамдық бақылаудың тек жекелеген мәселелермен шектелмеуіне де назар аудару қажетін атап өтті. Оның пікірінше, бұл бағыт Президенттің бастамалары мен ұлттық жобаларының («Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан», «Адал азамат» және т.б.) іске асырылуын жүйелі түрде мониторингтеу мен ілгерілетуге бағытталуы тиіс. Бұл жұмысқа қоғам өкілдерін кеңінен тарту қажет.

Бүгінде Қазақстанда 263 қоғамдық кеңес құрамында 4000-нан астам белсенді азамат еңбек етуде. Соңғы үш жылда олар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты 9000-нан астам нормативтік-құқықтық актілер жобасын қарастырған. Сондай-ақ, 2100 мемлекеттік орган басшысының есептері тыңдалып, 820 қоғамдық тыңдау ұйымдастырылған. Бұдан бөлек, әлеуметтік қорғау, жер қатынастары, денсаулық сақтау және басқа да мәселелер бойынша 2000-нан астам азаматтың өтініштері қаралған.

## КІТАПХАНАШЫЛАР МЕН АРХИВ ІСІ МАМАНДАРЫНА СҰРАНЫС АРТУДА

Соңғы бес жылда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі архив, кітапхана және кітап ісін дамыту, осы салалардағы кадрлық әлеуетті нығайту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытында ауқымды жұмыстар атқарды.

Бүгінде республика бойынша ҚР Президентінің Архиві мен төрт арнайы мемлекеттік архивті қоса алғанда, барлығы 236 архив мекемесі жұмыс істейді. Ұлттық архив қорында 74,5 мың қорды қамтитын 27,8 миллионнан астам сақтау бірлігі бар.

Білікті мамандар даярлау мақсатында «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі» бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы екі есе өсті – бакалавриат бойынша грант саны 20-дан 100-ге дейін көбейді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, архив және кітапхана саласы бойынша кадр даярлауға еліміздің бес өңірінде қосымша 89 грант бөлінді.

Жамбыл облысындағы Қордай және Жамбыл аудандық архивтерінің, Ақтөбе облысындағы Темір аудандық архивінің, сондай-ақ Астанадағы Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимараттары пайдалануға берілді.

Мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру мақсатында 2023 жылы Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен жас жазушылар мен ақындарға арналған Президенттік арнаулы әдеби сыйлық тағайындалды. Сыйлық «Проза», «Поэзия», «Балалар әдебиеті» және «Драматургия» номинациялары бойынша беріледі. Әр номинация бойынша жүлде қоры – 4,1 миллион теңге. Мемлекет басшысының 2023 жылы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес, «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын қайта енгізу мақсатында 2023 жылғы 16 қазанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл ұлттық әдебиеттің дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлер еңбегінің ресми бағалануы.

2025 жылғы 23 сәуірде Мемлекет басшысының бастамасымен белгіленген Ұлттық кітап күні алғаш рет аталып өтті. Мереке барысында әдеби үдерісті жандандырып, дарынды авторларды қолдауға бағытталған «Ұлттық кітап» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Тарихи жадты сақтау – маңызды бағыттардың бірі болып қала бермек. Мәдениет және ақпарат министрлігі «Батырларға тағзым» веб-порталын іске қосты. Онда Ұлы Отан соғысына қатысқан 690 мыңнан астам жауынгер туралы мәліметтер топтастырылған. Олардың қатарында 365 Кеңес Одағының Батыры, екі мәрте батыр атанған төрт жауынгер және Даңқ орденінің 19 иегері бар. Қорғаныс министрлігімен бірлесіп 6 615 қазақстандық әскери тұтқын жөніндегі деректер енгізілді. Сондай-ақ KAZNEB.KZ платформасында майдангер жазушылардың шығармаларының аудионұсқалары жарияланды.

«Архив – 2025» жобасы аясында 14 елден мыңнан астам бірегей тарихи құжат жиналды. Архив материалдарын сақтау мен бірыңғай электрондық архивтің құқықтық негізін қалыптастыруға бағытталған жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр.

Осы жылы ҚР Ұлттық архиві халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты. Сауд Арабиясы, Ресей, Литва және Түркия елдерінің архив қызметтерімен меморандумдарға қол қойылып, құжаттық мұраны цифрландыру және сақтау бағытындағы бірлескен жобалар жүзеге асырылды. Тамыз айында Өзбекстанның Бұхара қаласында Қазақстан архивтері күні өтіп, онда «Өзбекстан мен Қазақстанның архивтік құжаттарындағы мәдени ынтымақтастық» бірлескен басылымы таныстырылды. Маусым айында Мәскеу қаласында «Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігіне арналған құжаттық куәлік» фотоальбомы ұсынылды.

Қазақстан Жазушылар одағы Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің қолдауымен үш ірі жобаны жүзеге асырып жатыр. Атап айтқанда, «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» білім беру платформасы және ТМД елдерінің архивтерінде қазақстандық авторлардың шығармашылығын зерттеу бойынша ғылыми бағдарлама.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Ерлік пен еңбек дастаны» атты республикалық байқау өткізіліп, ол жұмысшы мамандық иелерінің ерлігі мен еңбегіне арналды. Байқауға еліміздің барлық өңірінен 45 шығарма ұсынылды.

Қазақстандық баспагерлер Бейжің, Гуанчжоу және Майндағы Франкфурт қалаларындағы ірі халықаралық кітап көрмелеріне қатысып қайтты.

Ұлттық академиялық кітапхана мен «Air Astana» авиакомпаниясының бірлескен жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында әуе кемелерінде Абай, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Бейімбет Майлин секілді қазақ классиктерінің аудиошығармалары, сондай-ақ халық күйлері, эпостары мен музыкалық туындылары қолжетімді.

Сапалы әдебиетті кең аудиторияға таратуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру да – маңызды бағыттардың бірі. Мемлекеттік тапсырыс аясында 2025 жылдың соңына дейін жалпы 236 мың дана тиражбен 118 кітап басылып, тарату жоспарланған.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша елімізде жалпы қолжетімді кітапханалар желісі 3 883 кітапханаға жетті, олардың кітап қоры – 72 283 946 дана, пайдаланушылар саны 3 292 226 адам болды. Республика бойынша кітапханаларға оқырмандардың келу саны – 51 921 261.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес кітапханаларды жаңғырту және тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын салу мәселелері қаралуда.

Осы жылдан бастап «Қазақстанның жалпыға қолжетімді кітапханаларын жаңғыртудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы» жүзеге асырылуда. Жоспарға сәйкес, кітапхана қызметі, технологиялық деңгейі мен қолайлылығын арттыруға бағытталған трансформациялық іс-шаралар жүзеге асырылуда. Цифрлық сервистерді енгізу, материалдық-техникалық базаны жаңарту және көпфункциялы кітапхана кеңістіктерін құру көзделген.



## СУ ТАРИФТЕРІ ӨҢІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП БЕЛГІЛЕНЕДІ

Қазақстанда жергілікті атқарушы органдардың халық үшін ауыз суға тарифті дербес белгілеу ережелері енгізілді. Бұл ретте оның мөлшері тиісті жылдың 1 қаңтарындағы республика бойынша орташа тариф шегінде болуға тиіс. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР ӨҚМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Бақытжан Жүнісбеков мәлімдеді.

Спикер Су кодексіне сәйкес мәслихаттар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және сумен жабдықтау қызметтеріне қолданыстағы тарифтерді ескере отырып, ауыз судың 1 текше метріне ақы мөлшерін дербес реттей алатынын атап өтті.

«Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдар халық үшін оның құнын анықтау бойынша жұмыстар жүргізуде», – деп түсіндірді ол.

Бақытжан Жүнісбеков су тұтыну нормативтері бір адамға тәулігіне 140 литрден асып кеткен жағдайда, халық артық көлем үшін 30% жоғары мөлшерлememен төлейтінін айтты.

## ЕЛІМІЗДЕ ҮШ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ 70-ТЕН АСТАМ БЕЙІНДІ БӨЛІМШЕ АШЫЛАДЫ

Қазақстанда терапиялық бейіндерді дамытуға және халыққа мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған 34 облыстық аурухананы жаңғыртудың ауқымды бағдарламасы іске асырылуда. Жоба алты бағытты қамтиды: терапия бөлімшелерін ашу, құзыреттілік орталықтарын құру, телемедицинаны дамыту, симуляциялық орталықтарды іске қосу, медициналық кадрларды оқыту және жабдықтарды жаңарту, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Үш жылдың ішінде еліміздің 17 өңірінде 2 544 төсек-орындық 71 бейінді бөлімше (кардиология, пульмонология, эндокринология, гастроэнтерология, ревматология, гематология, нефрология, балалық шақ), оның ішінде 2 148 ересек адам — қолданыстағы қорды қайта бейіндеудің есебінен ашу жоспарлануда. Ең көп жаңа төсек-орын Түркістан (828), Ақмола (338), Ақтөбе (285), Атырау (243) және Алматы (180) облыстарында пайда болады.

Жоба шеңберінде 17 Симуляциялық орталық ашу, 19 телемедицина орталығын жаңғырту және өңірлік ауруханалардың 430 медицина қызметкерін оқыту жоспарлануда.

Облыстық ауруханаларды жаңарту нені көздейді?

Жаңа ғимараттарды күрделі жөндеу немесе салу – үй-жайларды, инженерлік желілерді, операциялық бөлмелерді, палаталарды жаңарту.

Заманауи медициналық жабдықтармен – томографтармен, ангиографтармен, эндоскопиялық және роботтық жүйелермен жарақтандыру.

Персоналдың біліктілігін арттыру – жаңа жабдықта жұмыс істеуге оқыту, халықаралық клиникалық хаттамаларды енгізу.

Пациенттердің маршруттарын қайта құру – емдеуді бюрократиясыз және қажетсіз бағыттарсыз тезірек және тиімді ету.

Қолайлы орта құру – жаңа форматтағы палаталар, күту аймақтары, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған инфрақұрылым.

Жаңартудың басты мақсаты – Қазақстанның барлық өңірлерінің тұрғындары өңірден тыс жерлерге шықпай-ақ өз облыстарында жоғары технологиялық медициналық көмек ала алуы.

**Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.**




## ТАРИХ ҚАЙТАЛАНДЫ: БҰЛ ЖОЛЫ – АЛТЫН ЖҮЛДЕМЕН!

Шымкент қаласының балуаны Марат Байқамұров «Қазақстан барысы – 2025» турнирінің чемпионы атанды.

Астана қаласындағы «Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында» қазақ күресінен өткен дәстүрлі XV республикалық «Қазақстан барысы» турнирінде шымкенттік балуан Марат Байқамұров топ жарды.

Финалда ол Абай облысының балуаны Ерасыл Қажыбаевпен белдесті. Бұған дейін Марат бес қарсыласын айқын басымдықпен ұтып, финалға жол ашқан болатын. «Найман» лақап атымен танымал балуан шешуші сында да қарсыласына мүмкіндік бермей, алтын белбеу мен «Қазақстан барысы» атағын жеңіп алды.

Бұл жеңіс – Шымкент спорты үшін тарихи жетістік. Себебі, «Қазақстан барысы» турнирінде алғаш рет осы қала атынан шыққан балуан чемпион атанып отыр. Айта кетейік, 2024 жылы Абай облысының балуаны Ерасыл Қажыбаев финалда шымкенттік Ерсұлтан Мұзаппаровты ұтып кеткен еді. Ал биыл сәті түсіп, Марат Байқамұров сол кеткен есені қайтарды деуге болады.

Марат Байқамұровтың бұл жеңісі – тек жеке табыс қана емес, шымкенттік спорт мектебінің әлеуетін айқын көрсеткен зор оқиға. Сонымен қатар, бұл – оның «Қазақстан барысы» бәсекесіне үшінші рет қатысуы және ең сәтті көрсеткіші.

## МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ – ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТИІМДІ АЛАҢ

Бүгінгі таңда жастарды нәтижелі жұмыспен қамту – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Осыған сәйкес, елімізде "Жастар практикасы", "Алғашқы жұмыс орны" сияқты жобалар белсенді жүзеге асырылып, жергілікті Мансап орталықтары арқылы үйлестірілуде.




"Жастар практикасы" – оқу орнын бітірген, бірақ жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға арналған. Бұл бағдарлама түлектерге мамандығына сәйкес алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Жұмыс мерзімі – 6 ай.

"Алғашқы жұмыс орны" – еңбек өтілі жоқ жастарды кемінде 12 ай тұрақты жұмысқа орналастыруды көздейді. Жоба жұмысқа жаңа орналасқан жастарға тәжірибе жинақтап, әрі қарай тұрақты еңбек нарығына бейімделуге көмектеседі.

Мансап орталығы – жұмыс іздеуші жастарға кеңес беру, бос жұмыс орындарын ұсыну, қайта даярлау курстарына бағыттау, кәсіби бағдар беру қызметтерін кешенді түрде көрсетеді. Бұл орталық – жастар мен жұмыс берушілер арасындағы тиімді байланыстырушы алаң. 2025 жылға арналған жоспар аясында Мансап орталығы арқылы аталған жобалар бойынша жастарды қамту деңгейі арттырылып, өңірдегі жұмыссыздық көрсеткішін төмендетуге нақты қадамдар жасалуда.

Мансап орталығы – жастардың еңбекке араласуын қамтамасыз ететін, кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастама. Жұмыс іздеп жүрген немесе мамандығы бойынша тәжірибе жинағысы келетін жастар үшін Мансап орталығы – сенімді қолдау нүктесі.

Мансап орталықтарының мекенжайлары:
Абай ауданы – Арғынбеков көшесі, 243/3;
Еңбекші ауданы – Астана шағынауданы, 106;
Әл-Фараби ауданы – Байтұрсынов көшесі, 201;
Қаратау ауданы – Бәйтереков көшесі, 89;
Тұран ауданы – Қазыбек көшесі, 50.

## ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫН АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Шымкент қаласының әкімдігі, «YDA Group» компаниясы және «Integra Construction KZ» ЖШС өкілдерінің қатысуымен өткен бір ай бұрынғы кездесуде 117 гектар аумақты кешенді дамытуға арналған бас жоспар таныстырылды. Бұл жоба заманауи тұрғын ауданын және көпфункционалды инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған.

Жоспар аясында тұрғын үйлер салумен қатар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарын енгізу қарастырылған. Кездесу барысында 2 миллиард АҚШ долларынан асатын инвестициялық жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері мен шешімдері талқыланды.

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков инженерлік инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға ерекше мән берілгенін атап өтті. Сонымен қатар, жобаны жүзеге асыру барысында кешенді тәсіл қолданылып, халықаралық сапа және экологиялық қауіпсіздік стандарттары қатаң сақталатыны атап өтілді.

Жиында заманауи ойынсауық саябағын салу мүмкіндігі де қарастырылып, оның қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды орынға айналып, ішкі туризмді дамытуға септігін тигізетіні айтылды.

Компания өкілдері конструктивті диалог пен қала дамуына деген белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді. Қала әкімдігі өз тарапынан жобаны уақтылы және тиімді іске асыруға барлық қажетті қолдауды көрсетуге әзір екенін хабарлады. Бұл жоба Шымкент қаласының келбетін арттырып, экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын маңызды бастама болып табылады.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРІ БАСТАЛДЫ




Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығына орай Шымкент қаласында «Терең тарихтан – жарқын болашаққа!» атты республикалық пікірсайыс турнирі басталды.

Ауқымды зияткерлік сайыстың ашылу салтанатына Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Абайұлы Құранбек қатысып, қатысушы жастарға сәттілік тілеп, игі тілегін жеткізді.

Турнирге еліміздің 9 өңірінен – Астана, Алматы қалалары мен Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарынан 120-дан астам команда қатысуда. Олар пікірсайыс алаңында өзара білім мен шешендік шеберліктерін сарапқа салуда.

Жарыстың төрелік ету жұмыстарына Шымкент қаласындағы үш жоғары оқу орнынан іріктелген тәжірибелі пікірсайысшылар және пікірсайыс қозғалысының аға буын өкілдері тартылған. Жалпы саны 70-ке жуық кәсіби төреші пікірсайыстың әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз етуде.

Турнир барысында қаралатын қарарлар қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтиды. Атап айтқанда, технология, демократия, құқықтық мәдениет, білім беру жүйесі және жастар саясатына қатысты тақырыптар бойынша пікір білдіріліп, түрлі көзқарастар талқылануда.

Екі күнге жоспарланған республикалық пікірсайыс турнирі ертең қорытындыланып, жеңімпаздары анықталатын болады.

## ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ӨҢІРЛІК ФОРУМ ӨТТІ

Шымкент қаласында Іскер әйелдер кеңесінің 10 жылдығына арналған «Әйел кәсіпкерлердің үшінші өңірлік бизнес-форумы» өтті. Форумға ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның өкілдері, Шымкент қаласы әкімдігі, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, «ASMAR» Қазақстан кәсіпкер әйелдері ұлттық қауымдастығының жетекшілері мен еліміздің түкпір-түкпірінен келген бизнес-ханымдар қатысты. Жалпы қатысушылар саны 500-ден асты.

Форумның басты мақсаты – әйелдердің кәсіпкерлік саласындағы әлеуетін арттыру, іскер әйелдер арасындағы тәжірибе алмасуды жолға қою және өңір экономикасының дамуына үлес қосқан кәсіпкер әйелдерді қолдау болды.

Шарада Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек құттықтау сөз сөйлеп, іскер әйелдердің қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды.

– «Қазақ әйелдері – шаңырақтың ұйытқысы ғана емес, ел экономикасының да қозғаушы күші. Сіздердің табандылықтарыңыз бен еңбектеріңіз арқылы еліміздің кәсіпкерлік саласы дамып келеді. Шырайлы Шымкенттің өркендеуіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамыз. Істеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін», – деді ол өз сөзінде.

Шымкент қаласында бүгінде әр екінші кәсіпкер – әйел адам. Олар сән индустриясын дамытып қана қоймай, өндіріс, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы мен білім беру саласында да белсенді.

Іс-шара барысында өңірдің экономикасына елеулі үлес қосқан белсенді қызкеліншектер марапатталды. Сонымен қатар іскер әйелдерге арналған түрлі оқыту бағдарламалары, бизнес тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Форум аясында ұйымдастырылған көрме ерекше әсер қалдырды. Мұнда нәзік жандар өз қолымен жасаған бұйымдарын, ұлттық нақыштағы киімдерін, хош иісті май шамдарын, сәндік бұйымдарын ұсынды. Жергілікті кәсіпкерлер өз өнімдерін таныстырып, бизнес бағыттарын кеңейтудің тың тәсілдерімен бөлісті.

**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.**

## ӨНДІРІСТІК ПАРКТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысында өңір экономикасын әртараптандыру және кәсіпкерлікті дамыту мақсатында өндірістік парктер салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл бастама облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес жүзеге асып, жаңа инвестиция тартуға, жұмыс орындарын ашуға және шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған.

Келес ауданында өндірістік парк салу жұмыстары басталып, аймақтың индустриялық әлеуетін арттыруға нақты қадам жасалуда. Абай ауылынан 10 гектар жер бөлініп, қазіргі таңда нысанды орналастыру және жер тегістеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Керуен» ЖК 2 гектар жерді аукцион арқылы сатып алып, құрылысқа дайындықты толық аяқтаған. Жалпы, 20 гектар аумақты аукционға шығару жоспарлануда. Алдағы уақытта кәсіпкерлерге 1 гектардан 9 учаске ұсынылады. Бір кәсіпкер 3 ғимарат, тағы екі кәсіпкер 2 ғимараттан салуды жоспарлауда. Бұл жоба аудан экономикасына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына жол ашады.

Мемлекет басшысының инвесторлар тарту және жұмыс орындарын ашу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Сарыағаш ауданында да өндірістік парк салу қолға алынды. Аудан кіреберісінен 6,5 гектар жер бөлініп, қазір инфрақұрылымға дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Жоба бірнеше кезеңмен жүзеге асады. Аудан әкімі Арман Абдуллаев құрылыс барысын жеке бақылауына алған. Өндірістік парк кәсіпкерлерге қажетті инфрақұрылымы бар алаң ұсынып, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік береді.

Арыс қаласында да өндірістік парк құрылысы қызу жүргізілуде. Отырар тасжолының бойында орналасқан бұл нысанның жалпы аумағы 1,44 гектар. Қала әкімі Қайсар Маңқараев құрылыс алаңында болып, жобаның сапалы әрі мерзімінде орындалуын тапсырды. Мұнда бес бағытта өндіріс көзделген: термопанель, пластик есік-терезе, жи»аз, бақша өнімдерін өңдеу және тротуар плиталары мен бордюр шығару. Жалпы инвестиция көлемі – 215 млн теңге. Нысан іске қосылған соң 30-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

Түлкібас ауданында шағын өнеркәсіптік аймақтар салу жұмыстары қолға алынды. Бүгінде ауданға қарасты Майлыкент, Тастұмсық, Балықты және Машат ауылдық округтерінде шағын өнеркәсіптік аймақтардың орны белгіленіп, кәсіпкерлік нысандардың құрылысы басталды.

Қазіргі таңда іске асып жатқан нысандарға су, электр энергиясын жеткізу және жолға тас төсеу жұмыстары қолға алынды.

Бұл аймақтарда өз кәсібін ұлғайтуға және жаңадан кәсіп ашуға ниетті кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдаулар көрсетілмек. Нақтырақ айтқанда, қажетті нысан салуға жер телімі қарастырылып, қажетті инфрақұрылым тартылатын болады.

Шағын өнеркәсіптік аймақ кәсіпкерлерге жаңа жобаларды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік. Аталған жоба аудан аумағында шағын және орта бизнестің дамуына зор септігін тигізіп ғана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етпек.

Өңірлік дамудың жаңа кезеңі

Түркістан облысында қолға алынған бұл жобалар өңірдің өндірістік және инвестициялық әлеуетін жаңа деңгейге көтереді. Өндірістік парктер кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасап, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қоспақ.

## ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖАҢАРУДА

Түркістан облысында 2025 жылы автомобиль жолдары саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биыл өңірде 1 235,6 шақырым жол мен көшеге құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланған. Жыл қорытындысымен оның 951,4 шақырымы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Бұл туралы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Қуатжан Жұматаев БАҚ өкілдерімен өткен брифингте хабарлады.

«Қазіргі таңда облыстық маңызы бар 225,2 шақырым жолдың құрылыс-жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұдан бөлек, аудандық маңызы бар 130,7 шақырым көшеге және елді мекендердегі 885,6 шақырым жолға жөндеу жүргізілуде. Сондай-ақ, "Ауыл – ел бесігі" бағдарламасы аясында 140 елді мекенде жалпы ұзындығы 395,5 шақырым көшеде құрылыс жұмыстары атқарылып жатыр. Биыл жыл соңына дейін жергілікті маңызы бар жолдардың жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесін 94,7 пайызға жеткізу көзделген. Құрылыс сапасы "Ұлттық жол активтері сапасы орталығы" РМК Түркістан облыстық филиалының тұрақты бақылауында», – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, басқарма тарапынан 4 көпір мен ұзындығы 132,6 шақырым болатын 7 жолды күрделі жөндеуден өткізу жобасы әзірленіп, сараптамадан өткен. Бұдан бөлек, 33,4 шақырым жаңа жолға жоба дайындалуда.

Айта кетейік, өңір аумағында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнатуға 7 жол аймағы белгіленген. 2024–2025 жылдары Арыс қаласындағы Арыс–Темірлан және Арыс–Қабылсай жолдарына станциялар орнатылды. Ал биыл Сайрам ауданында Қарамұрт–Ақсукент бағытында қос нүктеге осындай құрылғы қою үшін қаржы бөлінді. Қазіргі таңда мердігер мекеме анықталып, монтаждау жұмыстары басталған.

Облыс аумағында елді мекендердің ішкі көшелерін жаңарту да жүйелі жүргізілуде. Мәселен, биыл Түлкібас ауданында 21 көше орташа жөндеуден өтуде.

Оның ішінде 18 көше "Ауыл – ел бесігі" бағдарламасы аясында жаңартылуда. Сонымен қатар, тұрғындар өтінішіне сәйкес, Шыңғысбеков, Көбей және Байсеріков көшелері облыстық бюджет есебінен толық жөнделуде. Құрылыс аяқталған соң, бұл көшелерге жол белгілері орнатылып, қажетіне қарай бейнебақылау камералары орнатылады.

Ауыр жүк көліктері жиі қатынайтын Шыңғысбеков көшесіне арнайы техника күшімен 15 см бетон негіз құйылып, үстіне 6 см асфальт жабындысы төселеді. Кенттің шығыс бөлігіндегі (Үстірт) басты көшеге тұрғындардың қауіпсіздігі үшін аяқжол салынды, ал Көбей көшесінде науа (лоток) орнату жұмыстары жүргізілуде.

Аталған жобалар толық аяқталғанда, Түлкібас ауданындағы ішкі жолдардың қанағатты деңгейі 86,6 пайыздан 89 пайызға дейін жетеді деп жоспарланған.

Жалпы, Түркістан облысында автомобиль жолдары мен көше инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Жүргізіліп жатқан бұл жұмыстар өңірдің көлік қолжетімділігін арттырып қана қоймай, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін бермек.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУЛАР АРҚЫЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ӨНІМ МЕН ТАБЫС МОЛАЙДЫ

Түркістан облысында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көлемі жылдан-жылға артып келеді. Биыл өңірдің ауыл шаруашылығы субъектілерін қолдауға 48,5 млрд теңге бағытталды. Оның ішінде облыстық бюджеттен – 43,3 млрд теңге, ал Үкіметтік резерв есебінен – 5,2 млрд теңге бөлінді.

Жыл басынан бері осы қаржының 42 млрд теңгесі шаруаларға нақты үлестірілді. Бұл қолдау ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына, өнім көлемінің артуына және ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға айтарлықтай серпін беріп отыр.

Өңір басшысы аграрлық қолдаудың тиімділігін арттыруды тапсырды.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров төрағалық еткен аппараттық мәжілісте ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдаулардың нәтижелілігі талқыланды. Аймақ басшысы субсидиялар мен жеңілдіктердің тек шаруаларға көмек қана емес, сонымен бірге өңірдің өзіндік кірістерін арттыру мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс екенін атап өтті.

Сонымен қатар, әкім жауапты басқарма мен аудан, қала әкімдеріне көрсетілетін қолдаулардың ашық әрі тиімді жүзеге асырылуын бақылауды тапсырды.

Егіс алқаптары мен жылыжай өнімдері көбейіп келеді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаевтың айтуынша, "Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау" бағдарламасы аясында 4,4 млрд теңге қаржы қаралған.

Бағдарлама шеңберінде жылыжай шаруашылықтарына көрсетілген қолдау нәтижесінде өнім бағасы тұрақтанып, егіс көлемі мен өнім шығымы артқан.

2023 жылы жылыжайлардан 78 мың тонна өнім алынған болса, биыл бұл көрсеткіш 101,5 мың тоннаға жетті. Яғни, өсім 1,3 есеге артты. Мұндай нәтиже өңірдің ішкі нарығын көкөніспен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.



Тыңайтқыш пен субсидия – өнім сапасының кепілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін екі есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 2024–2028 жылдарға арналған жол картасын әзірлеген. Осы бағдарлама аясында Түркістан облысына 2025 жылы 189,8 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізу тапсырылды.

Аталған мақсатқа облыстық бюджеттен 12,2 млрд теңге бөлініп, қазіргі таңда жоспар толық орындалды. Егіс алқаптарына 206 мың тонна тыңайтқыш енгізіліп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,4 есе көп.

Мал шаруашылығында да тұрақты өсім бар. Республика бойынша Түркістан облысы мал шаруашылығы бойынша алдыңғы қатарда. Өңірдің үлесінде:

- ірі қара малдың 13% (1 143,6 мың бас);
- ұсақ малдың 22% (4 947,6 мың бас);
- жылқының 11% (495,8 мың бас);
- түйенің 14% (43,2 мың бас) бар.

Осы жылдың 8 айында облыста 123 мың тонна ет, 367 мың тонна сүт, және 177 млн дана жұмыртқа өндірілген. Мал шаруашылығында 25 түрлі бағытта мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

2024 жылдан бастап асыл тұқымды аналық мал басын көбейтуге басымдық берілген. Нәтижесінде асыл тұқымды мал саны жыл сайын өсіп келеді: 2023 жылмен салыстырғанда ірі қара 17%-ға, ұсақ мал 3,9 есеге, жылқы 1,2%-ға артқан.

Қайта өңдеу саласы қарқын алып келеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындарды қолдау да жалғасуда. "Қайта өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау" бағдарламасы бойынша:

- 2023 жылы – 1,3 млрд теңге,
- 2024 жылы – 1,85 млрд теңге,
- 2025 жылы – 1 млрд теңге қаржы қаралған.

Бұл қолдау нәтижесінде өңірде тамақ өнімдерінің өндірісі ұлғайып, жергілікті өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі артты.

Қорытындылай келгенде, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдауларды тиімді пайдалана отырып, өнім көлемі мен шаруалардың табысын арттыруда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп отыр. Бұл жұмыстар ауыл экономикасын дамытып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік тұрақтылығына және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне зор үлес қосуда.

## ТҮРКІСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫТАЙДАҒЫ КАНТОН ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ ҚАТЫСЫП ЖАТЫР

Қытайдың Гуанчжоу қаласында әлемдегі ең ірі сауда алаңдарының бірі саналатын 138-ші Кантон жәрмеңкесі өз жұмысын бастады. Биылғы жәрмеңке 1,55 миллион шаршы метр аумақты қамтып, оған әлемнің түкпір-түкпірінен келген 25 мыңнан астам экспонент өз өнімдерін ұсынуда.

Халықаралық деңгейдегі бұл маңызды шараға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков бастаған облыстық делегация да қатысуда. Делегация мүшелері жәрмеңке барысында жаңа технологиялар, инновациялық шешімдер, цифрлық жүйелер және қайта өңдеу саласындағы соңғы жетістіктермен танысып, өңір экономикасын дамытуға бағытталған тиімді серіктестік мүмкіндіктерін қарастыруда.

Кантон жәрмеңкесі — әлемнің 200-ден астам елінен келген сатып алушылар мен өндірушілерді біріктіретін жаһандық бизнес алаңы. Мұнда мыңдаған халықаралық және қытайлық компаниялар өз өнімдерін ұсына отырып, жаңа нарықтарға жол ашады. Көрме 4 қарашаға дейін жалғасады.

Жәрмеңке барысында түркістандық делегация қытайлық кәсіпкерлермен екіжақты келіссөздер жүргізіп, өңірдің инвестициялық және экспорттық әлеуетін таныстыруда. Әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру және жеңіл өнеркәсіп бағыттары бойынша ынтымақтастық орнатуға қызығушылық жоғары.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Кантон жәрмеңкесі – халықаралық сауданың дамуына серпін беретін маңызды алаң. Ол кәсіпкерлерге өз өнімдерін әлемдік нарыққа шығару, жаңа технологиялармен танысу және ұзақмерзімді іскерлік байланыстар орнату үшін үлкен мүмкіндік ұсынады.

# АКАДЕМИК ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ 95 ЖАСТА

Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен академик Төрегелді Шармановтың 95 жылдығына арналған «Ұлт саулығының ұлы жолында: академик Төрегелді Шармановқа тағзым» атты облыстық көрменің салтанатты ашылуы 2025 жылдың 7 қазан күні сағат 11:00 де өтті.

Шара Ұлытау облыстық тарихи-археологиялық музейінің көрме залында ұйымдастырылып, елге еңбегі сіңген тұлғаның өмірі мен ғылыми мұрасына тағзым ету мақсатында өткізілді.

Көрменің салтанатты ашылу рәсімінде алғашқы құттықтау сөзді облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқарма басшысы Мағжан Еренғайыпұлы Табылдин ашып, Жезқазған қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Сағындық Қожамсейітов, қоғам қайраткері, техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның Құрметті металлургі, өлкетанушы Төлеген Бүкіров, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Мырзабеков Батырбек сөз сөйлеп, ғалымның ұлттық тағамтану ғылымын дамытудағы және халық денсаулығын жақсартудағы өлшеусіз еңбегін атап өтті.

Академик Төрегелді Шарманов — Қазақстандағы медицина ғылымының көрнекті өкілі, денсаулық сақтау жүйесін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан ғалым және мемлекет қайраткері. Оның есімі ұлттық медицинаның тарихында алтын әріппен жазылған.

Төрегелді Шарманұлы Шарманов 1930 жылы 19 қазанда Ұлытау облысы, Ұлытау ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік аяқтағаннан кейін, ол медициналық білім жолын таңдап, Алматы мемлекеттік медицина институтында, кейін Қарағандыда білім алады. Өзінің еңбек жолын туған ауылы Ұлытауда қатардағы дәрігер болып бастап, ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткен.



Төрегелді Шарманов – медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Ол нутрициология (тамақтану ғылымы) саласын дамытудың бастамашысы болды. Оның ғылыми еңбектері тамақтану мен денсаулық арасындағы байланысты терең зерттеуге бағытталған. Академиктің бастамасымен Қазақстанда тағамтану ғылымының негіздері қаланды.

1971–1982 жылдары ол Қазақ КСР-інің Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарды. Бұл жылдары Қазақстанда ауылдық жерлерге медициналық қызмет көрсетуді жақсарту, жаңа ауруханалар салу, профилактикалық медицинаны дамыту сынды көптеген маңызды реформалар жүргізілді.

1998 жылы Төрегелді Шармановтың жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Тағамтану академиясы құрылды. Бұл мекеме бүгінде Қазақстандағы және Орта Азиядағы тағамтану саласындағы жетекші ғылыми орталық болып табылады. Академия құрамында ғылыми зерттеулермен қатар халықтың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, ұлттық тағам өнімдерінің ғылыми негіздерін зерттеу және денсаулықты нығайту бағытында жұмыстар атқарылуда.

Академик Шарманов көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) сарапшысы болды. Ол өз еңбектері арқылы әлемдік деңгейдегі беделге ие болды.

Ол – Қазақстанның Еңбек Ері, бірнеше мемлекеттік ордендер мен медальдардың иегері. Сонымен қатар, оның есімі медицина және тағамтану саласындағы жүздеген ғылыми мақалалар мен кітаптардың авторы ретінде де белгілі.

Академик Төрегелді Шарманов — ұлт саулығы жолында жаужымай еңбек еткен тұлға. Оның еңбегі тек медицина ғылымында ғана емес, қоғамдық санада да терең із қалдырды. Бүгінгі таңда жастарды ғылымға, салауатты өмір салтына баулып, өзінің бай тәжірибесін келешек ұрпаққа мирас етіп кеткен.



Көрме экспозициясында академиктің балалық шағы, ғылыми жолы, тағамтану саласындағы жаңашыл еңбектері мен отбасылық мұралары қамтылды. Қатысушылар академик Шармановқа арналған бейнеролик көріп, ғалымның өмір жолынан сыр шертетін жәдігерлермен танысты.

Бұл тағылымды шара – ұлт саулығын өмірлік мұрат еткен тұлғаның өнегелі өмірін ұлықтауға бағытталған маңызды мәдени бастама болды. Көрме екі апта яғни 7 қазан мен 15 қазан аралығын қамтыды.

**Нұрсұлу РАЙМОВА,**
*Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейінің бас қор сақтаушысы*

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМУЫ – ӨҢІР ӨРКЕНІНІҢ ӨЛШЕМІ

Түркістан облысында құрылыс қарқыны күшейіп, халық игілігіне жүздеген нысан пайдалануға берілмек

Түркістан облысында құрылыс қарқыны жыл сайын артып келеді. Биыл аймақ көлемінде жалпы саны 180 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның 52-сі — жаңа жоба болса, 128-і — өткен жылдан өтпелі нысандар.

Құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде аяқталуын облыс әкімі Нұралхан Көшеров ерекше бақылауға алып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер көптеп салынуда. Биыл өңірде 2 әкімшілік, 17 білім беру, 16 «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы, 4 денсаулық сақтау, 19 мәдениет және 26 спорт нысанының құрылысы қолға алынған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы (4 нысан), абаттандыру (1), инженерлік инфрақұрылым (54), «Тұран» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымы (4), әлеуметтік сала (1) және тұрғын үй құрылысы бағытында 32 нысан бой көтеруде.



Жыл соңына дейін 104 нысанды пайдалануға беру жоспарланса, қалған 76 нысанның құрылысы 2026 жылы толық аяқталады. Қазіргі таңда 68 нысанның құрылысы толық бітіп, 36 нысанның жұмыстары аяқталу сатысында.

Тұрғын үймен қамту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жалпы аумағы 132,5 мың шаршы метрді құрайтын 2138 пәтерлі 30 кредиттік тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, 176 пәтерлі 4 арендалық тұрғын үй жыл соңына дейін ел игілігіне тапсырылады.

Сондай-ақ, 578 арендалық пәтер сатып алу жоспарланып, соның 180-і рәсімделді. Қалған 398 пәтер жыл соңына дейін сатып алынбақ. 2015 пәтерлі кредиттік тұрғын үйді сатып алу жобасы аясында 1720 пәтер бойынша келісімшарттар түзіліп, Кентау мен Сайрам аудандарында 108 пәтер тұрғындарға берілді.

Түркістан, Кентау, Арыс қалалары мен Ордабасы, Жетісай аудандарында жаңа тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Коммуналдық сала – басты назарда. 2025 жылы облыс көлемінде 220 коммуналдық нысанның құрылысы іске асырылуда, оның 121-і биыл аяқталуы тиіс. Аппарат мәжілісінде бұл бағыттағы жұмыстар егжей-тегжейлі қаралып, облыс әкімі жауапты тұлғаларға құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстауды және барлық нысандарды уақытылы тапсыруды қатаң тапсырды.

Ауыз су саласында 66 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның 38-і биыл аяқталып, 30 елді мекеннің 15-і (Сарыағаш, Келес, Қазығұрт, Ордабасы, Отырар, Бәйдібек аудандарындағы ауылдар) сапалы ауыз сумен қамтылды.

Кәріз жүйелерін дамыту мақсатында 16 жобаның құрылысы жүргізілуде. Биыл Түркістан қаласында 7, Арыс қаласында 1, Ленгір мен Ордабасыда 1 жобадан барлығы 10 нысан пайдалануға беріледі.

Газдандыру бағытында 80 нысанның құрылысына қаржы бөлініп, 46 жобаның жұмысы биыл аяқталады. Соның нәтижесінде 73 мың тұрғыны бар 43 елді мекен табиғи газға қосылады, ал келесі жылы бұл көрсеткіш толық 606 елді мекенге жетіп, облыстың газдандыру деңгейі 75,1 пайызға өседі.

Электр энергиясымен қамту бойынша 110 мыңнан астам халқы бар 53 елді мекенді қамтитын 47 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның 25-і биыл аяқталмақ. Қазіргі таңда 17 нысан іске қосылып, 32,5 мың тұрғын сапалы электр қуатымен қамтамасыз етілді. Төлеби ауданындағы 110 кВ «Алатау» және Жетісайдағы 110 кВ «Жетісай» қосалқы станциялары пайдалануға берілді.

